

ДҮНИЕЛІК ДЕНГЕЙДЕГІ ДАРА ПІКІР

2009-09-25:

Өткен сейсенбіде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың “Интерфакс” агенттігі мен “Известия” газетінде әлем елдерінің қазір басынан кешіп отырған экономикалық дағдарыстан шығу жолдары туралы ауқымды да мазмұнды мақаласы жарияланды. Онда көтерілген өзекті проблемалар дағдарыстан шығудың қамын ойлап жүрген елдердің, олардың мамандары мен басшыларының назарын аударатыны сөзсіз.

Бұл Қазақтан Президентінің жаһандағы валюта-қаржылық және экономикалық дағдарыс, оның дауасы туралы айтып отырған екінші пікірі мен ұсынысы. Бұдан бұрын “Российская газета” басылымындағы “Дағдарыстан шығу кілті” атты мақаласы әлемдегі болып жатқан осы күйзелістің сыры мен сипатын айтып, өз елімізде ғана емес, көптеген шетелдік мамандардан, мемлекеттік қайраткерлерден қолдау тауып, әртүрлі халықаралық басқосуларда талқыланғанын жақсы білеміз.

Бүгінде әлем елдері дағдарысты еңсерудің, экономикадағы тұрақты дамудың амалдарын іздеуде деп көрсетеді Н.Ә.Назарбаев. Осындай ізденістердің үш маңызды бағыты бар: біріншісі – техникалық-технологиялық инновациялық үрдісті дамыту, екіншісі – валюта-қаржылық күрделі инновациялар жасау, үшіншісі – саяси-әлеуметтік инновациялар. Олардың ішінде, Президенттің пікірі бойынша, жаһандық дағдарыстан шығу үшін валюта-қаржылық инновацияның маңызы өте зор.

Өйткені, бүкіл әлем өркениетіне ауыр да теріс салдарын тигізіп отырған қазіргі дағдарыс валюта-қаржы саласынан басталды. Оған себеп болған осы салада жүйелі түрде қордаланған қайшылықтар.

Бүгінгі әлемдегі валюта-қаржы айналымының негізі 1944 жылы АҚШ-тың Бреттон-Вудс қаласында болған халықаралық келісімнен басталғаны тарихтан мәлім. Осы келісім бойынша әлем елдерінде тауар алмасу доллармен есептелетін болды, сөйтіп, америкалық доллар әлемдік резервтік валюта дәрежесіне көтерілді. Доллардың құндылығы алтынның белгілі бір мөлшерімен (золотой стандарт) анықталатын болды.

Аталмыш келісімдер өткен ғасырдың 70-ші жылдарына дейін өз міндетін толық атқармағанымен, әлемдегі қаржы айналымын тиісті дәрежеде қамтамасыз етіп отырды. Доллар осы жылдары үлкен беделге ие болды, әр мемлекет өз байлығын доллармен есептеп, басқалармен салыстыратын болды. Осыған байланысты әрбір доллар алтынның белгіленген мөлшеріне сәйкес болу керектігі ұмытыла басталды. Доллардың өз басы құнды, оны алтынмен салыстырудың қажеті жоқ, онсыз да оның әлемдегі беделі жоғары және тұрақты деген пікір қалыптаса берді.

Міне, осы кезеңнен бастап тауар және қызмет көрсету көлемі мен олардың айналымын қамтамасыз ететін валюта көлемінің арасында алшақтық басталды. Қиыншылықтың басы осы болды деп айтуымыз керек,

өйткені, ақшаға сұраныс тек бір-ақ жағдайда – шығарылған тауар мен қызмет айналымын қамтамасыз ету үшін қажет. Сондықтан олар тепе-тең, мөлшері жағынан бір-біріне сәйкес болуы керек.

XX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап осы сәйкестік жоғала бастады, доллар да, доллармен құндылықтарын анықтайтын басқа валюталар да көлемі жағынан тауар мен қызмет салаларына қажеттіліктен артық, барған сайын артық шығарыла бастады. Базельдегі (Швейцария) халықаралық есептесу банкі осыдан 15 жыл бұрын әрбір күнде әлемде ақша айналымы 1 триллион долларды құрайды, ол – осы тәуліктегі тауар мен қызмет айналымынан 50 есе артық деп көрсетті. Міне, осы жағдайды ойлап, Нұрсұлтан Назарбаев “бүгінде резервтік валюталардың бірде-бірі тауарлар мен қызметтердің шынайы құнын нақты бағалай да, өлшей де алмайды” деп көрсетеді. Бұл дұрыс пікір, өйткені бүгінде әлем елдерінде шығарылатын ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) 60 триллион доллар көлемінде болса, барлық елдердің валюталарын және олардың жасанды түрлерін (суррогат) қосқанда әлемдегі шығарылған ақша 700 триллион долларды құрайды екен, яғни шынайы қажеттілігінен 10 еседен артық.

Осындай өз тұғырынан (тауар мен қызмет көрсету айналымына сәйкестігінен) айырылған миллиардтаған, триллиондаған қаржы өндіріс саласына емес, өзінің дербес айналымынан табыс табу жолына шықты. Содан барып, ақша ақша жасады, табысы жоғары болғандығынан осы салада жалдаптық капитал ағыны күшейді. Дами келе осы жағдайлар әлемде қаржы пирамидасының қалыптасуына әкелді, оның күйреуі алдымен валюта-қаржы дағдарысына, ол қордалана келе қазіргі батпандай ауыр экономикадағы дағдарысқа әкелді. Сондықтан да дағдарыстан шығудың бірден-бір кілтті осы валюта-қаржы саласында жатыр деген Президент пікірі – дұрыс пікір.

Валюта-қаржылық инновацияның жолдарын көптеген елдер мен мамандар іздеуде. Ол туралы айтылған пікірлер өте көп. Аталмыш мақаласында Президент оларды жан-жақты талдап, ой елегінен өткізіпті. Бұл біздің Елбасымыздың кәсіби дайындығының жоғары екенін, әлем экономикасында болып жатқан құбылыстарды әруақытта да өз назарында ұстайтынын, соның арқасында айтылған пікірінің осы саланың және қазіргі дағдарыстың себептерін терең түсінетінін айқын көрсетеді.

“Дағдарыстан шығудың бес негізгі жолы айқындалып қалды”, дейді Президент. Және осы жолдар аталмыш мақалада жан-жақты талданып, бағасын алған. Ең алдымен, көптеген елдер дағдарыстың артын күтуде. Дағдарыс қашан түбіне жетеді, содан кейін тиісті іс-қимылдар жасаймыз деп амалдауда. Бұл бірнеше ғасыр бойы нарық экономикасында қолданылып жүрген дағдарыстан шығудың дәстүрлі жолы. Бірақ қазіргі және болашақ дағдарыстардан енді осы дәстүрлі жолмен шығу өте күмәнді. Бұл бірінші жол, оның тиімділігі төмен, “сондықтан да дағдарыстың шынайы “түбі” құлдыраудың аяқталуы мен өсудің басталуы емес, оның басты себебін жою болмақ”, дейді Президент.

Мақалада қазір кейбір елдер қолданып отырған валюталық своптар, яғни екі елдің арасындағы өзара валюта айырбастау тәсілдері сипатталған – бұл қазір әлемде ұсынылып отырған дағдарыстан шығудың екінші жолы деп атайды Президент. Қытай Халық Республикасы өзінің экономикасы жағынан тығыз байланысы бар бірнеше елмен валюталық своп келісімдерін жасап жатыр, Еуропа, Америка елдерінде де осы тәсіл қолданысқа еніп жатыр. Бұл тәсіл дағдарыс ауыртпашылығын жеңілдету үшін себін тигізетіні рас. Бірақ, тарихқа тереңірек үңілсек, бұл XVIII-XIX ғасырларда резервтік валюта ретінде алтынды қолданудан ертерек кезеңдерде қолданылған тәсіл болатын. Президент көрсеткеніндей, сол замандағы валюталық бартерлер дұрыс нәтиже берген жоқ. Ал енді қазіргі заманда, экономикалық байланыс бұрынғыдан да еселеп күрделенген кезде, осы тәсілдің тиімді болуы тағы да өте күмәнді.

Президент назарына бәзбір ұлттық валюталардың бірін өңірлік немесе әлемдік резервтік валютаға айналдыру туралы ұсыныстар да түскен. Шынына келсек, осы үшінші жол да үлкен жаңалық емес. Әрбір қуатты ел өз ұлттық валютасын өңірлік, континенттік немесе әлемдік деңгейге көтеруді қалайды. Әлем тәжірибесі бұл тәсілді де дұрыс деп таппайды. Өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары осындай өңірлік резервтік валюталар ретінде доллар мен фунт стерлинг қолданылған. Артынан, 1944 жылы долларға қатысты шешім қабылданған еді. Бүгінгі дағдарыстың негізгі себебі осы доллардың шектен тыс шығарылуының салдарынан, шығарылған тауар мен істелген қызметтің нақты құнын дұрыс көрсете алмағанынан болып отырғанын барша әлем мойындап отыр. Америка Құрама Штаттарында доллар шығаратын эмиссия орталығы өз елінің мүддесі болмаса, осы валютаны қолданып отырған басқа елдердің мүддесімен онша есептеспейді. Экономикасы әлемде бірінші болып дағдарысқа тірелген АҚШ одан шығу мақсатымен соңғы жылдары долларды, жоғарыда айтқандай, шамадан тыс шығарып жатыр. Бұл әлем деңгейінде доллардың беделін түсіріп, оның әлемдік резервтік валюта болу мүмкіндігін күрт төмендетті. Сондықтан да, Президенттің пікірінше (біз де оған қосыламыз), қайсыбір ұлттық валютаны өңірлік немесе әлемдік резервтік валюта ретінде қолдану қазіргі туындап отырған валюта-қаржы проблемаларын түбегейлі шешпейді. Оны түбегейлі шешу үшін ұлтүстілік жаңа сапалы валюта керек.

Төртінші жол – валюта эмиссиясын ұлтүстілік, яғни барша елдерге бірдей халықаралық эмиссия орталығы арқылы жасау.

Президент көрсеткен дағдарыстан шығудың осындай төртінші бағытын жақтаушылар мен қолданушылар қатары қазір біртіндеп көбейіп келе жатыр. Оның негізінде баршаға бірдей синтетикалық немесе жасанды валюта жасау жатыр. Мысалы, қазір Халықаралық валюта қоры қолданып отырған SDR – осындай жасанды валюта. Ол валюта қоржыны арқылы есептеледі. Қазірге дейін осы қоржынға АҚШ доллары, еуро, жапондық иена, британдық фунт стерлинг кіреді. Соның арқасында SDR, яғни қарыз алудың арнайы құқығы анықталып, SDR-дың әр валютаға шаққандағы құны анықталады.

Халықаралық валюта қорының, БҰҰ-ның сауда және даму жөніндегі конференциясының (UNCTAD), халықаралық деңгейдегі кейбір мамандардың осы жасанды валютаның әрі қарай дәрежесін көтеріп, жаңа валюта-қаржы инновациясы сипатына айналдыру ниеттері бар. Латын Америкасы елдері, Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүшелері осы бағытта іс-қимыл жасайтын сыңайлары бар.

Әрине бұл, көпшілік айтып отырғандай, дұрыс қадам. “Мұндай 4-жол, – дейді Президент, – уақыт өте келе бізге жаңа әлемдік валюта және оны пайдаланушылардың ұлтүстілік пулының қатаң бақылауымен әрекет ететін жаңа тұрпатты эмиссиялық орталық құруға шығудың перспективалы жолын беретіні анық”.

Дегенмен Президент өз мақаласында валюта-қаржы саясатын түбегейлі өзгертудің бесінші жолын таңдауға шақырады. Құнды иллюзорлық, виртуалдық бағалаудың ескі валюталық бірлігінен тауарлар мен қызметтердің шынайы құндылығын нақты бағалаудың жаңа құралдарына саналы да мақсаткерлікпен көшу қажеттігін дәлелдейді Президент. Мақалада айтылған пікірлердің ең басты, негізгі арқауы – жаңа санаттың валютасын жасау. Оның артықшылықтары мақалада жан-жақты талданған. Біріншіден, бұл беделі түсіп кеткен ескі валюта емес, барлық елдер өзара келіскен, олардың ортақ сенімін иеленген жаңа валюта. Екіншіден, бір елдің мүддесін емес, бүкіл адамзаттың мүддесін көздейтін эмиссиялық орталықтан шығатын валюта. Үшіншіден, тауар мен қызметтің шынайы құнын анықтауға мүмкіндік бере алатын валюта. Төртіншіден, әлем мен адамзаттың біртұтас ұзақ мерзімді даму мақсаттарына қызмет ететін эмиссия орталығы мен валюта дүниеге келеді. Ұсынылып отырған жаңа сапалы валюта – қаржы жүйесінің бұдан басқа да артықшылықтары аталмыш мақалада терең ойлармен тұжырымдалған.

Жалпы, мақала мазмұны, оның жаңашылдық тұрпаты жақсы әсер қалдырады. Президентіміз әлем деңгейіндегі саяси-әлеуметтік, қорғаныс-қауіпсіздік салаларында өте ұтымды ұсыныстар, оған сәйкес қадамдар жасап жүргенін біздер жақсы білеміз. Сол қадамдар оның әлем деңгейіндегі мемлекеттік қайраткер дәрежесін өсірді. Қазақ халқына, оның басшысына халықтардың, халықаралық ұйымдардың құрметін көбейтті.

Экономика саласындағы Президентіміздің әлем елдеріне арнаған қазіргі ұсыныстары да біздің мәртебебізді арттыра түседі. Ең бастысы – Президент ұсыныстары жаһандық валюта-қаржы жүйесін түбегейлі қайта құрауға негіз бола алады. Әлем деңгейіндегі осындай тосын да ұтқыр пікірлер айтып жүрген мемлекет қайраткерлері көп емес, санаулы-ақ. Франция Президенті Саркози, Германия Канцлері Меркель, АҚШ Президенті Обама, Қытай Халық Республикасының Премьер-министрі Вэнь Цзябао. Олар дамыған үлкен елдердің басшылары. Экономикалық реформалар мерзімі әлі 20 жылға толмаған Қазақстан Президенті сол әлем мойындаған қайраткерлердің санатына қосылуы қуанарлық-ақ жағдай.

Алдымызда өз елімізде дағдарыстан шығудың, экономиканы кемелдендірудің көптеген іс-шаралары күтіп тұр. Қаржы жүйесінің жаңа архитектурасы, индустриялық саясаттың жаңа моделін жасау, тұрақты дамудың тиімді бағыттарын анықтау мәселелері тұр. Оларды шешуге де Президент белсене кірісуде. Іске сәттілік тілейік.

Авторы: Кенжеғали САҒАДИЕВ, академик.

<http://www.egemen.kz/indexold.php?act=readarticle&id=10517>